

**Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының ақылы автотұрақтарын (автомобиль қоятын орындарын) ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы" 2011 жылғы 14 қарашадағы № 4/975 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 19 ақпандағы № 1/98 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 ақпанда № 1753 болып тіркелді

Алматы қаласы әкімдігінің ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының ақылы автотұрақтарын (автомобиль қоятын орындарын) ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" 2011 жылғы 14 қарашадағы № 4/975 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 906 болып тіркелген) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Алматы қаласының ақылы автотұрақтарын (автомобиль қоятын орындарын) ұйымдастыру ережесі:

келесі мазмұндағы 10-1 тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Коммуналдық ақылы автотұрақтың (автотұрақ) көк түсті жол белгілері бар.;"

11 тармақтың 1) тармақшасы келесі мазмұндағы екінші азат жолмен толықтырылсын:

"Коммуналдық ақылы автотұрақтың (автомобиль қоятын орын) көк түсті жол белгілері бар.;"

12 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"12. Көшедегі оқшауланған белдеулер шегінде автомобиль жолдарының (көшелер) бойына орналастырылатын тротуар үлгісіндегі ақылы автотұрақтар (автомобиль қоятын орындар) көлік құралдарының тұрақтау уақытын есептеуге арналған автоматтандырылған режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен (мобильді кешендер, фото, бейнетіркеу және тұрақтау уақытын есепке алу) жабдықталады.;"

келесі мазмұндағы 13-1 тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Автомобиль жолына іргелес жатқан ашық (сыртқы қоршауларсыз) немесе жабық (сыртқы қоршаулармен) жер учаскелерінде орналастырылатын алаңдық үлгідегі коммуналдық ақылы автотұрақтар (автомобиль қоятын орындар, паркингтер):

1) автоматты режимде жұмыс істейтін, көлік құралдарының тұрақ уақытын есепке алуға арналған сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптармен (мобильді немесе стационарлық кешендер, фото, бейне тіркеу және тұрақ уақытын есепке алу);

2) бос орындар санын көрсететін электрондық құрылғылармен жабдықталады."

2. "Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкімнің орынбасары*

*А. Амрин*